



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.07.2017 № 288

Астана қаласы

город Астана

«Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттаманы іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 22 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттаманы іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 22 бұйрығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттау кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау регламенті;»;

2) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін әкету кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау регламенті:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттау кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау регламенті;»;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттау кезіндегі тауарларға ілеспе құжаттарды растау

регламенті (бұдан әрі – Регламент) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) кодын, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан мынадай тауарларды әкету құқықтылығын растау жөніндегі мемлекеттік кірістер органдарының лауазымдық тұлғаларының іс-қимыл тәртібін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлар тізбесіне енгізілген (бұдан әрі – Тізбеге енгізілген тауарлар), оларға төмендетілген баждардың мөлшерлемелері, сондай-ақ осындай мөлшерлемелердің мөлшерлері қолданылатын:»;

2-тармақта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5) 4-топтағы тауарлар - «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Хаттама күшіне енгенге дейін ЕАЭО мүше мемлекеттердің, үшінші елдерден және Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген Тізбеге енгізілген тауарлар;»;

7) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық шот-фактуралар» (бұдан әрі - ЭШФ) ақпараттық жүйесінде тіркелінген электрондық шот-фактуралар;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Өтініш - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен белгіленген нысан бойынша тауарларға декларациялар, тауарды әкелу мен жанама салықты төлеу туралы өтініштің, электрондық шот-фактуралар көшірмелерін тауарларға ілеспе құжат ретінде растау туралы өтініш;»;

10-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«10-1) Тізілім - осы Регламентке 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті орган растаған, ЭШФ ақпараттық жүйесінде техникалық қателік себебі бойынша қағаз тасығышта жазып берілген, расталған шот-фактуралар тізілімі -;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Бөлімше – функциясына Тізілімге енгізілген тауарларды әкімшілендіру жататын бөлімше;»;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) СТ-1 - Қазақстан Республикасынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріне шығарылатын тауарларға уәкілетті ұйым беретін тауардың шығу тегі туралы сертификат (СТ-1-нысан);»;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

«18-1) СТ-KZ – арнайы экономикалық аймақтар мен еркін қойма аумағында өндірілген тауарларға уәкілетті ұйым беретін тауардың шығу тегі туралы сертификат (СТ-KZ-нысан);»;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) ЭШФ-ны өңдеу модулі - растау үшін МКО-на ұсынылған, ЭШФ-ны өңдеуге арналған БДҚ модулі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Экспортушылар (не олардың сенім хаты бойынша) МКО тапсырған өтініштер МКО кеңсесінде БЭҚАЖ-да тіркеледі, бұл ретте Бөлімше басшысы жауапты орындаушы болып табылады.»;

5,6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. БЭҚАЖ бойынша Бөлімше басшысы Бөлімшенің уәкілетті тұлғасына жүргізу туралы бұрыштамада көрсете отырып:

1) салықтық тексеруге – салықтық тексеруді жүргізу туралы өтініштерін тапсырған жағдайда;

2) ЭШФ-ны өңдеу және камералдық талдауға – өзге жағдайларда, құжатты-жолдайды.

6. Бөлімше басшысы кеңсенің уәкілетті тұлғасынан қолма-қол қағаз тасығыштағы өтінішті және ТС-1, СТ-КЗ және БЭҚАЖ бойынша түскен құжаттардың көшірмелерін әр 60 минут сайын алып тұрады. Бұл ретте, Бөлімшенің басшысы журналдың 6 – 12-бағандарын толтырады.

7. Бөлімшенің уәкілетті тұлғасы тапсырылған құжаттарды растау мақсатында ЭШФ өңдеу жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2 және 7-3-тармақтармен толықтырылсын:

«7-1. Бөлімшенің уәкілетті тұлғасы ЭШФ-ны өңдеу модулінде ЭШФ-ны өңдеу барысында берілген өлшем бойынша ЭШФ-ны растау үшін ұсынылған іздеуді жүргізеді:

ЭШФ-ның тіркеу нөмірі;

жеткізушінің ЖСН/БСН;

тауардың декларациясының тіркеу нөмірі немесе әкелі туралы өтініш;

ЭШФ-ның шығарылған күні;

ЕАЭО СЭҚ ТН коды.

7-2. ЭШФ-ны өңдеу модулінде «Шешім қабылдау» кнопкасын басу барысында таңдалған ЭШФ бойынша ЕАЭО мүше мемлекеттеріне беруге жататын, ЭШФ-ң мынадай жолдары мен бағандарын толтырудың түзетілгенін және міндеттілігін автоматтық тәртіпте жүйелік тексерісі жүргізіледі.

А бөлігінде «Жалпы бөлік» - 1-жолда «Тіркеу нөмірі», 4.3-жолда «Тіркеу нөмірі» немесе 5.3-жолда «Тіркеу нөмірі»;

В бөлігінде «Жеткізушінің реквизиті» - 6-жолда «ЖСН/БСН», 7-жолда «Жеткізуші», 12-жолда «Қосымша мәліметтер»;

С бөлігінде «Алушының реквизиті» - 15-жолда «Алушы», 19-жолда «орналасқан жер мекен жайы», 20-жолда «Қосымша мәлімет»;

Г бөлігінде «Тауар, жұмыс, қызмет бойынша деректер» - 1-баған «№ р/с», 2-баған «Тауар, жұмыс, қызметтің атауы», 3-баған «(СЭҚ ТН) тауардың коды», 4-баған «Өл.бірл.», 5-баған «Саны (мөлшері)», 14-баған «КО шеңберіндегі өтініштің № немесе тауарға декларациялар», 15-баған «Қосымша деректер».

7-3. Бөлімшенің уәкілетті тұлғасымен жүйелік өңдеу аяқталу бойынша мынадай әрекеттер жүргізіледі:

ЭШФ толтыруда айырмашылық болмаған жағдайда камералдық талдау жүргізеді;

ЭШФ толтыруда айырмашылық болмаған жағдайда Нұсқаулыққа сәйкес аяқтауда бас тарту рәсімделеді.»;

8-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) БДҚ тиісті ЭШФ жүктеу жүргізу, оның ішінде:

растау үшін ұсынылған ЭШФ;

растау үшін ұсынылған ЭШФ-да көрсетілген «Тауар, жұмыс, қызмет бойынша деректер» қойылған G бөлімінің 14-бағанындағы ЭШФ тауар декларациясының нөмірі немесе әкелі туралы өтініш көрсетілген;

осы тармақшада көрсетілген ЭШФ тіркелген нөмірі қойылған 35-жолда ЭШФ «Қосымша мәліметтер» I-бөлімінің ЭШФ;

2) растау үшін тапсырған ЭШФ көрсетілген тауардың декларациясы болуын тексеру, сондай-ақ онда ЕАЭО КБТ мөлшерлемесі бойынша кедендік баждардың төлемін айқындайтын «0» белгісін қою;»;

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ЭШФ құжат айналымы қағидасына түсірілген ЭШФ сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, оның ішінде көрсету бөлігінде:

ЕАЭО КБТ мөлшерлемесі бойынша кедендік баждардың төлемін растайтын «КБТ» белгісінің «Қосымша мәліметтері» 12-қатардың «Жеткізушінің реквизиті» B бөлігінде;

ЕАЭО мүше мемлекеттердің әріпше кодының «Қосымша мәліметтер» 20-қатардың «Алушының реквизиті» C бөлігінде болжаммен, аумағына 1 және 2-топтың тауарын әкету;

5) сәйкестілігін тексеру:

тауардың декларациясында көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН коды тауардың атауы (тауардың декларациясында тауардың реттік нөмірі бойынша) растау үшін тапсырған ЭШФ «Тауар, жұмыс, қызмет бойынша деректер» G бөлімінің 2, 3, 14-бағандарында көрсетілген мәліметтерге;

растау үшін тапсырған ЭШФ «Тауар, жұмыс, қызмет бойынша деректер» G бөлімінің 2, 3, 14-бағандарында көрсетілген Әкелу мәліметтері туралы өтінішінде көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН кодының тауар атауы;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) растау үшін тапсырған ЭШФ жазған күніне 1 және 2-топтың (сәйкесінше) тауарларының қалдықтарын Қазақстан аумағында және оның тысқары жерлерде өткізуін есепке алғанда, оның ішінде бұрын расталған ЭШФ бойынша ЭШФ өңдеу модулі кіші режіміндегі мәліметтер бойынша анықтау (бұдан әрі – камералдық талдау бойынша тауарлардың қалдығы);»;

9-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ЭШФ құжат айналымы қағидасына түсірілген ЭШФ сәйкестігін, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың өндірілгенін растайтын «ТС-1», «СТ-KZ» белгісін «Қосымша мәліметтердің»

12-бағанында В бөлігінде «Жеткізушінің реквизиті» көрсету тексеруді жүзеге асыру;

3) растау рәсімін жүргізу үшін берілген сертификаттың ашықтығы туралы ТС-1, СТ-KZ беруді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан түскен мәліметтер бойынша ЭШФ анықтау.»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ЭШФ құжат айналымы қағидасына түсірілген ЭШФ сәйкестігін, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың өндірілгенін растайтын «ТС-1», «СТ-KZ» белгісін «Қосымша мәліметтердің» 12-бағанында В бөлігінде «Жеткізушінің реквизиті» көрсету тексеруді жүзеге асыру.»;

мынадай мазмұндағы 10-1 және 10-2-тармақтармен толықтырылсын:

«10-1. Бөлімшенің уәкілетті тұлғасымен камералды талдау аяқталғаннан кейін мынадай әрекет жүргізіледі:

1) камералды талдау жүргізу барысында айырмашылық болмаған жағдайда ЭШФ өңдеу моделінде сәйкесінше тауарлар тобынан таңдау, тауарлар қалдығын көрсету (бар болған жағдайда) және «Келісу» кнопкасын басу арқылы келісу жүргізіледі,;

2) камералды талдау жүргізу барысында айырмашылық анықталған жағдайда ЭШФ өңдеу моделінде тайдыру себебін көрсетумен «Тайдыру» кнопкасын басу арқылы растауда бас тарту жүргізіледі.

10-2. ЭШФ өңдеу моделінде ЭШФ растау «Растату» кнопкасын басу арқылы тізімге қосылған тауарларды әкімшілендіру сұрағы бойынша жетекшілік ететін МКО Басшысымен жүргізіледі.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Бөлімшенің уәкілетті тұлғасы растау рәсімінің жүргізу бөлігінде:

құжаттардың көшірмесіне МКО басшысымен қол қоюға;

құжаттардың көшірмесіне МКО басшысымен қол қойылғанға елтанбалы мөр басуға;

тауарға ілеспе құжат ретінде құжаттың көшірмесін растауда бас тартуды (бұдан әрі - бас тарту) Нұсқаулыққа сәйкес рәсімдеуге;

МКО бланкімен хатты БЭҚАЖ-де тіркеп бас тартудың көшірмелерін сканерден өткізілге-қосымшаларымен осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге жолдауға;

Расталған құжаттардың-қосымшасын және журналдың 13-21--бағандарын толтырумен уәкілетті тұлғаның кеңсесінің бас тартуларымен өтініш берушіге жауапты беруге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 12-1, 12-2 және 12-3-тармақтармен толықтырылсын:

«12-1. Бөлімшенің уәкілетті тұлғасымен сапасы тиісінше болмау себебі немесе комплектации бойынша ЕАЭО-на мүше мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды бөлігімен немесе толық қайтару жүргізілген жағдайда мынадай әрекеттер жүргізіледі.

1) тауарларды бөлігімен немесе толық қайтаруды растайтын мынадай құжаттардың бар екенін тексереді:

сапасы тиісінше болмау себебі немесе комплектации бойынша қайтаруға жататын, импортқа шығарылатын тауардың саны туралы мәліметті мазмұндайтын талапты экспорттаушы салық төлеуші мен импорттаушы салық төлеушімен келісу;

тауарды алу-беру актісі (қайтарылған тауарды тасымалдау болмаған жағдайда);

транспорттық (тауарға ілеспе) құжаттары (қайтарылған тауарды тасымалдау болмаған жағдайда);

жою актілері.

2) түзетілген ЭШФ-ның ЭШФ өңдеу модулінде жүйелік өңдеу жүргізеді;

3) Осы Регламенттің 12-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген немесе ЭШФ-ның өңдеу моделіне жүйелік өңдеу жүргізу барысында ауытқулар табылмау туралы құжаттар болған жағдайда ЭШФ өңдеу модуліндегі тауарлардың қалдығы бойынша деректерге түзету жүргізіледі;

4) Осы регламенттің 12-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген немесе ЭШФ-ның өңдеу моделіне жүйелік өңдеу жүргізу барысында ауытқулар болмағаны туралы құжаттар болмаған жағдайда ЭШФ өңдеу модуліндегі тауарлардың қалдығы бойынша деректерге түзету енгізуден бас тартады.

12-2. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 5 «Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасының кіруіне байланысты ЕАЭО кеден аумағына тауар әкелу мен айналымы бойынша кейбір мәселелері туралы» Еуразиялық үкіметаралық кеңесі шешімінің 2-тармағының талабына сай келмейтін тауарларды ЕАЭО-на мүше мемлекеттер аумағына Қазақстан Республикасы аумағынан шығару бойынша МКО-на отініш түскен жағдайда Бөлімшенің уәкілетті тұлғасымен Қазақстан Республикасы заңнамасына сай шара қолданылғаннан кейін осы Регламенттің 7-11)-тармақшаларымен қарастырылған іс-шара жүргізіледі.

12-3. уәкілетті органмен расталған, ЭШФ ақпараттық жүйесінде техникалық қателік себебі бойынша қағаз түрінде шығарылғанның-косымшасымен бірге отініш МКО түскен жағдайда, Бөлімшенің уәкілетті тұлғасы мынадай әрекеттерді жүргізеді:

1) жүйелік өңдеу мен камералдық талдау жүргізбей және Тізілімнің 1-10-бағандарын толтырып ұсынылған құжаттарды расстайды;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексінің 263-бабы 2-1-тармағының 2) тармақшасымен қарастырылған, ЭШФ-ы беру бойынша салық төлеушінің міндетін орындауды бақылайды және Тізілімнің 11-16-бағандарын толтырады;

3) жүйелік өңдеуді және берілген ЭШФ бойынша камералды талдау жүргізеді Тізілімнің 17-18-бағандарын толтырады;

4) аумағынан шығарылған тауарларға МКО-мен бұрын расталған қағаз түрінде шығарылған шот-фактуралар арасындағы айырмашылықты анықтау барысында және Салық кодексінің 263-бабы 2-1-тармағының

2) тармақшасына сәйкес берілген ЭШФ және Тізілімнің 11 – 25-бағандарын толтырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шара қолдану және ЕАЭО-на мүше мемлекеттерінің уәкілетті органдарына хабарлайды.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Барлық қаралған өтініштер, сондай-ақ Өтініш берушіге жауаптар әр өтініш беруші бойынша қалыптастырылған және Бөлімшеде сақталатын іс қағаз папкісінде (бұдан әрі – Құжаттама) тігіледі.»;

осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшасына сәйкес 1 және 2-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 3 қосымшамен толықтырылсын:

3) көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарларға арналған декларациялардың, электрондық шот-фактуралардың, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленуі туралы өтініштердің көшірмелерін тауарға ілеспе құжат ретінде куәландыру туралы өтініштерді қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдарының тізбесі мынадай мазмұндағы 24, 25, 26, 27, 28 және 29-тармақтармен толықтырылсын:

«24. Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Целиноград ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;

25. Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Степногорск ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;

26. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қапшағай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;

27. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қарасай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;


28. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Іле ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы;

29. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Панфилов ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.».

2. Комитеттің Даму және үйлестіру департаментінің Ұйымдастыру-қаржы басқармасы (Н.В. Стрельцова) осы бұйрықты Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетінің
Төрағасы



Тенгебаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2017 жылғы «05» шілде
№ 288 бұйрығына 2-қосымша

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
мемлекеттердің аумағына Қазақстан
Республикасының аумағынан
тауарлардың жекелеген түрлерін
экспорттау кезіндегі тауарларға ілесіне
құжаттарды растау регламентіне 2-
қосымша

Салық төлеушінің Т.А.Ә. (атауы)
ЖСН (БСН) _____

_____ мекенжайы

_____ мемлекеттік органның атауы

_____ Өтініштің атауы

20__ жылғы «__» _____ № ____ отінішті қарап шығып, қоса тіркелген мына
құжаттардың ілесіне тауарлар құжаттары ретінде расталғандығын хабарлайды:

а) ЭШФ:

№	ЭШФ тіркеу нөмірі
1	
2	

б) басқа да құжаттар:

№	Құжаттың көшірме түрі (Тауарларға арналған декларация, Әкелу туралы отініш)	Құжатты тіркеу нөмірі
1		
2		
...		

Сондай-ақ, тауарға арналған декларацияның, электрондық шот-фактуралардың
және (немесе) тауарларды әкелу мен жанама салықтарды төлеу туралы отініштердің
көшірмелерін тауарға ілесіне құжат ретінде куәландырудан бас тартуды қоса жолдап отыр.
Қосымша ___ парақта.

Анықталған ауытқулар фактісі бойынша мәліметтер

Қысқаша сипаттама	Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама бойынша деректер		аумағына тауарларды шығару жүзеге асырылған ЕАЭО мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының хабарлау туралы шығыс құжатының деректері		Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы	
	№	күні	№	күні	№	күні
19	20	21	22	23	24	25